

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 3 шілде N 717.

"Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөнінде 2001-2002 жылдарға арналған іс-шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 сәуірдегі N 450 P010450\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 P960281\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 11, 81-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбында және мәтінінде "кәсіпорындарды", "мекемелерді" деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібінде:

тақырыбында және мәтінінде "кәсіпорындарды", "мекемелерді" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақта:

бірінші абзацтағы "Республика министрліктері, мемлекеттік комитеттері, Үкімет құрамына енбейтін орталық атқару органдары мен ведомстволары, жергілікті өкілетті және атқарушы органдары" деген сөздер "Республиканың орталық және жергілікті атқарушы, жергілікті өкілді, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацта:

"барлық атаулардың дұрыс жазылуы қазіргі қазақ әдеби тілінің нормаларына сәйкес жүргізіліп" деген сөздер "барлық атаудың мемлекеттік тілде жазылуы қазіргі қазақ әдеби тілінің нормаларына сәйкес келуі тиіс" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ұлт тілдеріндегі" деген сөздер "тілдердегі" деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "республика аумағында үш жағдайдан артық емес" деген сөздер "әрбір облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана үшін үш жағдайдан артық емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

4, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды және мемлекеттік меншіктегі басқа да объектілерді, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау және қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау туралы шешімді тиісті орталық атқарушы органдардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың ұсыныстары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының оң қорытындысы болған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

6. Ұйымдарды атау, қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қайта тіркеуге әкеп соғады.

7. Тізбесі осы Тәртіптің 4-тармағында көрсетілген объектілердің атауларын тіркеуді, оларға ғылыми сараптама жүргізуді, практикалық шаралардың іске асырылуын бақылауды, атауларды реттеудің әдіснамасын әзірлеуді, тұрғындар арасындағы түсіндіру жұмыстарын, түрлі анықтамалықтар, сөздіктер, ономастиканың өзекті проблемалары бойынша

әдістемелік талдамалар шығаруды, ғылыми-практикалық конференциялар мен кеңестер өткізуді Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі жүзеге асырады."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Жұманазарова А.Б.